



**Қазақстан
Республикасының
Халықты жұмыспен
қамту туралы заңы
2001 жылдың 23
қаңтары күні
қолданысқа енгізілген**

Авсыдыкова Қ.А.

Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган:

Міндеттері: Өтініш жасаған азаматтар мен жұмыссыздарға - жұмыс табу мүмкіндігі туралы, ал жұмыс берушілерге жұмыс күшімен қамтамасыз ету мүмкіндігі туралы хабарлап отыруға;

Азаматтар мен жұмыссыздарға жұмыс таңдауда жәрдемдесуге, жұмысқа орналасу және оқу үшін жолдама беруге;

Азаматтар өтініш жасаған күннен бастап 10 күннен кешіктірмей тіркеуге, оларды есепке қоюға; Кәсіби бағдарлау ісінде азаматтар мен жұмыссыздарға тегін қызметтер көрсетуге;

Жұмыссыздарды олардың келісімімен қоғамдық жұмыстарға жіберуге; еңбек рыногының қажеттіліктеріне сәйкес жұмыссыздарды кәсіптік оқуға жіберуге

Халықты жұмыспен қамтудың аймақтық бағдарламаларын және нысаналы топтардың жұмыспен қамтылуына жәрдемді қамтамасыз ететін арнайы іс-шараларды іске асыруға міндетті.

Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның құқығы:

жұмыс берушіге жұмыс күші қажет болған жағдайда, оларға азаматтар мен жұмыссыздарды жіберуге;



жергілікті атқарушы органдарға олардың аумағында орналасқан ұйымдарда қоғамдық жұмыстарды дайындау мен жүргізу жөнінде ұсыныс енгізуге;



білім беру мәселелерін қарайтын мемлекеттік органдардан, білім беру ұйымдарынан, әртүрлі ұйымдардың мамандар даярлауды, нақты кәсіптер (мамандықтар) бойынша даярланған және даярлануы жоспарланып отырған мамандар саны туралы ақпарат сұратуға құқығы бар.

Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы

Бағдарлама 2011 жылдың 1 шілдесінен бастап іске асырыла бастады.



Бағдарламаның мақсаты:

Жұмыспен тұрақты және нәтижелі қамтуды ұйымдастыру, жұмыссыздық деңгейінің өсуін төмендету және өсуіне жол бермеу арқылы халықтың әл-ауқатын арттыруға жәрдемдесу

1 ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ



БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРҒА
ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНА
ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫНА

3 ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ ӨТІМДЕРІ БОЙЫНША ӨНІРГЕ КӨШІП КЕЛГЕН КЕЗДЕ ТҰРҒЫН ҮЙ БЕРУ



КӨШУГЕ МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК
ҚЫЗМЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙ БЕРУ
ЖАҢА ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРДЕ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ

2 ТЕГІН ОҚЫТУ



КӘСІБИ БАҒДАРЛАУ
КӘСІБИ ОҚЫТУ
МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК

4 КРЕДИТТЕУ! 5-7% БОЙЫНША 500 МҢҢ ТЕНҒЕДЕН 6 МЛҢ. ТЕНҒЕГЕ ДЕЙІН



КӘСІПТІК НЕГІЗДЕРІН ОҚЫТУ
МЕМЛЕКЕТ ЕСЕБІНЕН ИНЖЕНЕРЛІК-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУТУ ЖӘНЕ
ҚАЖЕТТІ ЖАБДЫҚТЫ САТЫП АЛУ

Міндеттері:

Өз бетінше жұмыспен айналысушыларды,
жұмыссыздарды және табысы аз адамдарды
жұмыспен қамтудың белсенді бағдарламаларына
тарту;

Индустриализациялау бағдарламасын іске асыру
үшін кадр әлеуетін дамыту;

Атаулы әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру.



Бағдарламаны іске асыру мерзімі және кезеңдері:

- 1-кезең – 2013 – 2015 жылдар
- 2-кезең – 2016 – 2020 жылдар

Қаржыландыру көздері және көлемі.

Жұмыспен қамту 2020 жол картасын іске асыруға республикалық бюджетте:

- 2013 жылға – 104, 9 млрд. теңге;
- 2014 жылға – 100,6 млрд. теңге;
- 2015 жылға – 98,7 млрд. теңге көзделген.


Бағдарламаны іске асыру мынадай үш бағытта жүзеге асырылатын болады:



Өз бетінше жұмыспен
айналысушыларды,
жұмыссыздарды және табысы аз
адамдарды оқыту және еңбек
нарығында олардың жұмысқа
орналасуына жәрдемдесу



Ауылда кәсіпкерлікті
дамытуға жәрдемдесу



Еңбек
ресурстарының
ұтқырлығын
арттыру

Елімізде жүргізілген әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар барысында қарқынды дамушы еңбек нарығы құрылды:

1) халықтың экономикалық белсенділік деңгейі 1991 жылғы 68,6%-дан 2012 жылы – 71,7 %-ға дейін артты, экономикалық белсенді халықтың саны 7,7 млн. адамнан 9,0 млн. адамға дейін көбейді;

2) жұмыс істейтін халықтың саны 7,7 млн. адамнан 8,5 млн. адамға көбейді. Бұл ретте жеке кәсіпорындарда жұмыспен қамту басым;

3) жұмыссыздық деңгейі 2 еседен астам – 2000 жылғы 12,8 %-дан 2012 жылы 5,3 %-ға дейін төмендеді. Жұмыссыз халықтың саны 474,8 мың адамды құрады, бұл 2000 жылмен салыстырғанда 2 есеге аз.

Бағдарламаның нысаналы индикаторлары 2016 жылға қарай:

1) кедейлік деңгейі
6,0 %-дан аспайтын
болады;

2) жұмыссыздық
деңгейі 5,0 %-дан
аспайтын болады;

3) өзін-өзі жұмыспен
қамтыған халықтың
жалпы санындағы
нәтижелі жұмыспен
қамтылғандардың
үлесі 64,5 %-ға дейін
ұлғаяды;

2020 жылға қарай нәтижелерге қол жеткізу индикаторлары Жұмыспен қамту 2020 жол картасының бірінші кезеңі аяқталғаннан кейін айқындалатын болады.

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде қамтылғандардың (санаттар бойынша жалпы санындағы) үлес салмағы:



1) өзін-өзі жұмыспен
қамтығандар 2013 жылы – 4,0 %,
2014 жылы – 4,8 % және
2015 жылы – 7,1 %;



2) жұмыссыздар 2013 жылы –
20,0 %, 2014 жылы – 22,0 % және
2015 жылы – 25,0 %;



3) күнкөрісі төмен отбасылардың
еңбекке жарамды мүшелері
(тартылған) 2013 жылы – 18,0
%, 2014 жылы – 19,0 % және 2015
жылы – 20,0 % болады.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ 2020 ЖОЛ КАРТАСЫ

НЫСАНАЛЫ ТОП

- ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАНДАР
- ЖҰМЫССЫЗДАР
- ЖАСТАР
- ОРАЛМАНДАР
- ТАБЫСЫ АЗ АДАМДАР
- ІШІНАРА ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАНДАР
- ЕҢБЕККЕ ҚАБИЛЕТТІ МҮГЕДЕКТЕР

БАҒДАРЛАМАҒА ҚАТЫСУШЫ БОЛЫҢЫЗ

ОЛ ҮШІН:

- ➔ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҒЫНА ЖҮГІНУ
- ➔ КЕҢЕС АЛУ
- ➔ СҮХБАТТАСУ
- ➔ ӨТІНІШ БЕРУ
- ➔ ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАРДЫ ЖИНАУ
- ➔ ӨЛЕУМЕТТІК КЕЛІСІМШАРТ ЖАСАУ

ҚАТЫСУҒА БАСЫМ ҚҰРЫС:
ӨЗ ІСІН АШУҒА НЕМЕСЕ ОНЫ КЕҢЕЙТУГЕ НИЕТ
БІЛДІРГЕН АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫНА, ӨАЕЛДЕРГЕ
ЖӘНЕ МҮГЕДЕКТЕРГЕ БЕРІЛЕДІ

ЕРТЕҢГІ КҮНІҢДІ БҮГІН ОЙЛА

1

БЗ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУҒА КӨМЕКТЕSEMІЗ

- Жұмыс берушілер ұсынған бар **бос жұмыс орындарға**
- **Әлеуметтік жұмыс орындарға**
- **Жастар практикасын өту** үшін жұмыс орындарына жұмысқа орналасуға көмек береміз

2

БЗ ӨЗ ІСІҢІЗДІ АШУҒА КӨМЕК БЕРЕМІЗ

- Микрокредиттеу мерзімі - **5 жылдан** аспайды
- Ең жоғарғы сома - **3 млн. теңге**
- Сервистік қызметтер ұсыну - **1 жылға дейін**
- Мемлекет есебінен **инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды** дамыту және **қажетті жабдық** сатып алу
- Кәсіпкерлік негіздерін **тегін** оқыту
- Оқуға қажетті **материалдық көмек**
- **Бизнес-жоспарды** әзірлеуге көмектесу

3

БЗ ЖАҢА МАМАНДЫҚ ИГЕРУГЕ КӨМЕК БЕРЕМІЗ

- **Тегін кәсіби оқыту**
- Кәсіби бағдарлау мен мамандық таңдауда **көмек**
- Оқу мен жұмысқа орналасу мәселелері бойынша **кеңес беру**
- Оқуға қажетті **материалдық көмек**
- Тиісті бос жұмыс орындарын іздеу және жұмысқа орналасу

4

ЖАҢАСҚАН АУДАҢДА ЖҰМЫС ТАБУҒА КӨМЕК БЕРЕМІЗ

- Қызметтік **тұрғын үй** және көшуге субсидия беру
- Еңбек жастарына жатақханалардан **бөлмелер** беру
- Жаңа тұрғылықты жерде **тегін** оқыту және **жұмысқа орналастыру**

БІЗ СІЗДЕРДІ ҚОЛДАЙМЫЗ:

КӘСІП БОЙЫНША ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖОБАЛАРЫНА ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУДА

Өңірлерде іске асырылатын:

- Солтүстікте - 669 жобаға
(Агробизнес - 148, БЖҚ - 154,
ИИДМБ - 54)
- Оңтүстікте - 669 жобаға
(Агробизнес - 206, ИИДМБ - 70,
Нұрлы жол - 60)
- Батыста - 417 жобаға
(БЖҚ-65, Нұрлы жол - 57,
Агробизнес - 35)
- Шығыста - 335 жобаға
(Агробизнес - 52, Нұрлы жол - 32,
БЖҚ - 17)
- Астана мен Алматы
қалаларында - 75 жобаға
(БЖҚ - 40, Нұрлы жол - 18, ИИДМБ - 7)

ЕҢ ЖАҚСЫ КОЛЛЕДЖДЕР МЕН ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ ОҚЫТУ ОРТАЛЫҚТАРЫНДА ЖАҢА МАМАНДЫҚ АЛУДА

- 1 Мамандықты таңдау кезінде
Жұмыспен қамту орталықтың
мамандары Сізге көмек береді
- 2 Шәхердегі ұсынылатын тегін оқу
- 3 Кәсіби оқуға материалдық көмек
көрсетіледі
- 4 Кәсіби оқуды аяқтағаннан кейін,
Халықты жұмыспен қамту орталығы
Сізді жұмыс беруші тапсырыс жасаған
жұмыс орнына жібереді

БІЗ ІСІҢІЗДІ АШУДА

Несие ұсынылады:

- бизнес ашуға -
3 миллион теңгеге дейін
- бизнесті кеңейту кезінде -
5 миллион теңгеге дейін
- кооперацияға -
6 миллион теңгеге дейін

Егер, Сізге бизнесті жүргізуде
тәжірибеңіз болмаса, онда
ҰҚП мекемелерінде кәсіпкерлікке
тегін оқытудың айлық курстарына
қатыса аласыз.

Одан кейін, Сізге несие беріледі
және сервистік қызмет көрсетіледі.





ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ 2020 ЖОЛ КАРТАСЫ



инфрақұрылымдық жобалар



БІЛІМ БЕРУ (мектеп, балабақшалар)
ОБЪЕКТІЛЕРІН ЖӨНДЕУ

1874 ОБЪЕКТ



ЖОЛ
ОБЪЕКТІЛЕРІН ЖӨНДЕУ

1045



МӘДЕНИЕТ, СПОРТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС
ОБЪЕКТІЛЕРІН ЖӨНДЕУ

660



ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ (ауруханалар)
ОБЪЕКТІЛЕРІН ЖӨНДЕУ

388



ЖАЙЛАСТЫРУ

370



ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ
ОБЪЕКТІЛЕРІН ЖӨНДЕУ

234



ЖАҢА ФАП ЖӘНЕ ОДА
ҚҰРЫЛЫСЫ

134



ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ
ОБЪЕКТІЛЕРІН ЖӨНДЕУ

117

БАРЛЫҒЫ

4,8 мың
жоба

dkz.mzsr.gov.kz



ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ 2020 ЖОЛ КАРТАСЫ



еңбек нарығындағы оң конъюнктура

Еңбек нарығындағы жағдай мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жұмысқа орналастырусыз одан да қиындай түсер еді. Уақытында қолданылған шаралар **жұмыссыздықтың артуына жол бермеді**.

Нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды мемлекеттік шаралармен қамту **өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың 2 есе азаюына себепші болды**.

мың адам



- ♦— жұмыссыздар
- нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтығандар
- ♦— мемлекеттік бағдарламалардың әсерінсіз жұмыссыздар
- мемлекеттік бағдарламалардың әсерінсіз нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтығандар

dkz.mzsr.gov.kz

Жастар саясаты

Жастар тәжірибесіне 2016 жылы жоспар бойынша 120 адамды қамтуға 27,5 млн. теңге бөлінді. Қаржыландыру кестесіне сәйкес 41 мекеменің тізбесі бекітілді. Жылдың басынан бері 33 түлек жалақыны толығымен субсидиялау шартымен (38178 теңге) жастар тәжірибесіне жолданды.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты еңбек және жұмыспен қамту саласында төмендегідей бағыттарда жүзеге асырылады:

жастарға арналған қоғамдық жұмыстарды дамыту;

жастарды жұмыспен қамту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарына сәйкес жастардың еңбек бірлестіктерін құру және қызметін ұйымдастыру

жастарға арналған жұмыс орындарын құратын шаруашылық субъектілерінің қызметін ұйымдастырушылық жағынан қолдау;

оқу орындарының базасында құру

қызметін ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының жастарына мынадай кепілдіктер беріледі:



жұмысқа орналасуға, кәсіби даярлануға, біліктілігін арттыруға жәрдемдесуге;



мемлекеттік ұйымдарда немесе жарғылық капиталында мемлекеттің үлесі елу проценттен асатын ұйымдарда жұмыс орнын беруге жәрдемдесуге;



мүгедек жас адамдар үшін жоғары оқу орындарында оқу, қайта даярлау және тағылымдамадан өту бағдарламаларына, соның ішінде дистанциялық оқыту арқылы қол жеткізуін қамтамасыз етуде жәрдемдесуге.

Кәсіптік оқыту бойынша қайта даярлау курстарына еңбек нарығындағы қажетті мамандықтарға сәйкес 8 жұмыс берушіден сұраныс жинақталып, тәрбие көмекшісі, аспазшы, кондитер, оптикалы электронды құралжабдықтар, автокөлік жөндеу слесарі, кузовты автокөлікті жөндеу шебері мамандықтарына қысқа мерзімді курстарға 100 адам жолданды. Кәсіби оқытуға 2016 жылы 100 адамға 10,8 млн теңге бөлінді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің тапсырмасына сәйкес, ағымдағы жылдың қаңтар айында «Нұрлы жол» және басқа да мемлекеттік, салалық бағдарламалар шеңберінде 2016 жылға арналған Тараз қаласының Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің Кешенді жоспары даярланды.

**Назар
аударғандарыңызға
рахмет**